

<p align="center">Приложение 11 к Регламенту оказания брокерских (агентских) услуг на рынке ценных бумаг, утвержденному решением Совета директоров Публичной компании Freedom Finance Global PLC 28 июля 2023 г.</p>	<p align="center">Freedom Finance Global PLC жария компаниясы Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 16 қарашадан бастап шешімімен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік (агенттік) қызметтер көрсету регламентіне 11-қосымша</p>
<p align="center">Условия исполнения специальных поручений</p>	<p align="center">Арнайы тапсырмаларды орындау шарттары</p>
<p>1. Общие положения</p>	<p>1. Жалпы ережелер</p>
<p>1.1. Настоящие Условия исполнения специальных поручений (далее – Специальные условия) являются приложением 11 к Регламенту оказания брокерских (агентских) услуг на рынке ценных бумаг (далее – Регламент) и определяют особые/дополнительные условия, на которых Публичная компания Freedom Finance Global PLC (далее – Компания) оказывает предусмотренные Регламентом услуги при наличии поручений и полномочий, указанных в разделе 2 ниже (далее совместно – Специальное поручение).</p>	<p>1.1. Осы Арнайы тапсырмаларды орындау шарттары (бұдан әрі – Арнайы шарттар) Бағалы қағаздар нарығында брокерлік (агенттік) қызметтер көрсету регламентіне (бұдан әрі – Регламент) 11-қосымша болып табылады және төмендегі 2-бөлімде көрсетілген тапсырмалар мен өкілеттіктер болған жағдайда Freedom Finance Global PLC жария компаниясы (бұдан әрі – Компания) Регламентте көзделген қызметтерді көрсетудің айрықша/қосымша шарттарды (бұдан әрі бірлесіп – Арнайы тапсырма) айқындайды.</p>
<p>1.2. Специальные условия применяются исключительно к тем клиентам, которые соответствуют одновременно следующим требованиям (далее каждый в отдельности — Клиент):</p>	<p>1.2. Арнайы шарттар бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келетін Клиенттерге (бұдан әрі әрқайсысы жеке-жеке — Клиент) ғана қолданылады:</p>
<p>1.2.1. Клиент заключил с Компанией один или несколько брокерских договоров путем присоединения к Регламенту (далее каждый в отдельности – Брокерский договор);</p>	<p>1.2.1. Клиент Регламентке қосылу арқылы Компаниямен бір немесе бірнеше брокерлік шарттар (бұдан әрі әрқайсысы жеке – Брокерлік шарт) жасады;</p>
<p>1.2.2. Между Клиентом и Представителем (как этот термин определен в пункте 2.1) заключен и действует договор инвестиционного консультирования (далее – Договор ИК);</p>	<p>1.2.2. Клиент пен Өкіл арасында (осы термин 2.1-тармақта айқындалғандай) инвестициялық консультация беру шарты (бұдан әрі – ИК шарты) жасалды және қолданылады;</p>
<p>1.2.3. Компания направила Клиенту предложение присоединиться к Специальным условиям (далее – Предложение);</p>	<p>1.2.3. Компания Клиентке Арнайы шарттарға қосылу туралы ұсыныс (бұдан әрі – Ұсыныс) жіберді;</p>
<p>1.2.4. Клиент присоединился к Специальным условиям и подтвердил свое согласие со Специальным поручением.</p>	<p>1.2.4. Клиент Арнайы шарттарға қосылып, Арнайы тапсырмамен келісімін растады.</p>

<p>1.3. Компания вправе, но не обязана по своему усмотрению принимать решение о направлении Клиенту Предложения, а также об указании в Предложении на присвоение Клиенту определенного тарифного плана. Предложение может быть направлено Клиенту посредством системы интернет-трейдинга Компании (TraderNet) и/или по электронной почте.</p> <p>Предложение считается полученным Клиентом с момента его направления Компанией.</p>	<p>Компания Клиентке ұсыныс жіберу туралы, сондай-ақ Ұсыныста Клиентке белгілі бір тарифтік жоспарды беру туралы шешімді өз қалауы бойынша қабылдауға құқылы, бірақ міндетті емес. Ұсыныс Клиентке Компанияның интернет-трейдинг жүйесі (TraderNet) және/немесе электрондық пошта арқылы жіберілуі мүмкін.</p> <p>Компания Ұсынысты жіберген сәттен бастап Клиент оны алған болып есептеледі.</p>
<p>1.3. Клиент, которому Компания направила Предложение, вправе присоединиться к Специальным условиям и подтвердить свое согласие со Специальным поручением (и, если применимо, с присвоенным тарифным планом) путем совершения первой после получения Предложения торговой операции (сделки) в рамках Брокерского договора (далее – Операция).</p> <p>Подтверждение Клиента на совершение такой Операции будет являться безусловным и безоговорочным согласием Клиента с присоединением к Специальным условиям, с предоставлением Компании Специального поручения и (если применимо) с присвоенным тарифным планом.</p>	<p>1.3. Компания Ұсыныс жіберген Клиент Арнайы шарттарға қосылуға және өзінің Арнайы тапсырмамен (және, егер қолданылса, берілген тарифтік жоспармен) келісімін Брокерлік шарт шеңберінде Ұсынысты алғаннан кейін бірінші сауда операциясын (мәмілені) (бұдан әрі – Операция) жасау арқылы растауға құқылы.</p> <p>Клиенттің мұндай Операцияны растауы Клиенттің Арнайы шарттарға қосылуының, Компанияға Арнайы тапсырманы беруге және (егер қолданылса) берілген тарифтік жоспармен шартсыз және сөзсіз келісімі болып табылады.</p>
<p>1.4. Во избежание сомнений, Специальные условия применяются к отношениям Клиента и Компании, которые возникают в рамках каждого Брокерского договора, в том числе заключенного после согласия Клиента на присоединение к Специальным условиям и на предоставление Компании Специального поручения.</p>	<p>1.5. Күмәнді болдырмау үшін Арнайы шарттар Клиенттің Арнайы шарттарға қосылуға және Компанияға Арнайы тапсырма беруге келіскеннен кейін жасалған Брокерлік шарттарды қоса алғанда, әрбір Брокерлік шарт шеңберінде туындайтын Клиент пен Компанияның қатынастарына қолданылады.</p>
<p>2. Специальное поручение</p>	<p>2. Арнайы тапсырма</p>
<p>2.1. В целях исполнения Договора ИК Клиент настоящим назначает своим уполномоченным представителем Общество с ограниченной ответственностью Инвестиционная компания «Фридом Финанс», созданное в соответствии с законодательством Российской Федерации, ОГРН 1107746963785 (далее – Представитель).</p>	<p>2.1. ИК шартын орындау мақсатында Клиент Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес құрылған «Фридом Финанс» инвестициялық компаниясы, ЖМТН 1107746963785 (бұдан әрі – Өкіл) жауапкершілігі шектеулі қоғамы өзінің уәкілетті өкілі етіп тағайындайды.</p>
<p>2.2. Клиент поручает Компании и Представителю, а также предоставляет им соответствующие полномочия, осуществлять обмен любыми персональными данными Клиента, имеющимися у Компании и Представителя, в</p>	<p>2.2. Клиент Компанияға мен Өкілге Компанияда және Өкілде бар Клиенттің кез келген дербес деректерімен алмасуды, оның ішінде ИК шарты бойынша, әрбір Брокерлік шарт бойынша, Компанияда және Өкілде</p>

<p>том числе осуществлять обмен информацией по Договору ИК, по каждому Брокерскому договору, по всем открытым в Компании и у Представителя счетам, а также по всем операциям по таким счетам.</p>	<p>ашылған барлық шоттар бойынша, сондай-ақ сондай шоттардың барлық операциялары бойынша ақпарат алмасуды тапсырады, сондай-ақ оларға тиісті өкілеттіктер береді.</p>
<p>2.3. Клиент поручает Компании осуществлять конвертацию денежных средств и их вывод на следующих условиях:</p>	<p>2.3. Клиент Компанияға ақшалай қаражатын айырбастауды және оларды келесі талаптарда шығаруды тапсырады:</p>
<p>2.3.1. Поручение является постоянно действующим (подлежит многократному исполнению до прекращения срока его действия) и условным (подлежит исполнению каждый раз при выполнении указанных в нем условий);</p>	<p>2.3.1. Тапсырма тұрақты (оның мерзімі тоқтатылғанға дейін бірнеше рет орындалуға тиіс) және шартты (онда көрсетілген шарттар орындалған сайын орындалуға тиіс) болып табылады;</p>
<p>2.3.2. Условием исполнения поручения является факт совершения каждой Операции по каждому счету Клиента в рамках каждого Брокерского договора при наличии действующего на дату совершения Операции Договора ИК.</p>	<p>2.3.2. Тапсырысты орындаудың шарты, ИК шарты Операция жасалған күні жарамды болған жағдайда, әрбір Операцияның әрбір Брокерлік шарт шеңберінде Клиенттің әрбір шотында орындалуы болып табылады.</p>
<p>2.3.3. Клиент поручает Компании по факту совершения каждой Операции:</p> <p>(а) в день совершения Операции зарезервировать на торговом счете Клиента сумму денежных средств (далее – Сумма вывода) в размере 0.12% от суммы каждой Операции;</p>	<p>2.3.3. Клиент Компанияға әрбір Операциядан кейін:</p> <p>(а) Операция жасалған күні Клиенттің сауда шотында әрбір Операция сомасының 0.12% мөлшерінде ақшалай қаражатының сомасын (бұдан әрі – Шығару сомасы) резервке қоюды;</p>
<p>(б) в день совершения Операции осуществить начисление Суммы вывода по отдельному неторговому счету Клиента (соответствующему торговому счету, по которому совершена Операция) и отразить списание Суммы вывода с торгового счета (по которому совершена Операция) Клиента и ее зачисление на указанный неторговый счет;</p>	<p>(б) Операция жасалған күні Клиенттің жеке сауда емес шоты (Операция жасалған тиісті сауда шоты) бойынша Шығару сомасын есептеп жазуды, Клиенттің сауда шотынан (ол бойынша Операция жасалған) Шығару сомасын есептен шығаруды және оны көрсетілген сауда емес шотқа есепке жазуды;</p>
<p>(с) в случае если валюта Суммы вывода отличается от рублей РФ, в последний календарный день месяца, в котором совершена Операция, осуществить конвертацию Суммы вывода в рубли РФ по курсу, доступному Компании на момент проведения конвертации;</p>	<p>(с) егер Шығару сомасының валютасы РФ рублінен өзгеше болса, онда айырбастау сәтінде Компанияға қол жетімді бағам бойынша РФ рубліне Шығару сомасын айырбастау Операция жасалған айдың соңғы күнтізбелік күні жүзеге асырылады;</p>
<p>(d) в последний календарный день месяца, в котором совершена Операция, осуществить вывод Суммы вывода (Суммы вывода, конвертированной в рубли РФ) с указанного неторгового счета</p>	<p>(d) Төлемнің мақсаты ретінде «No XYZ шотынан DDMMYY № ABC Инвестициялық кеңес беру шарты бойынша қызметтерді төлеу» көрсете отырып, (мұнда ABC және DDMMYY Компания Өкілден алған IC</p>

<p>Клиента на счет № XXX, открытый Компанией Представителю, с указанием назначения платежа «оплата услуг по Договору инвестиционного консультирования № ABC от DDMMYY со счета № XYZ», где ABC и DDMMYY – номер и дата Договора ИК, данные о которых Компания получила от Представителя, а XYZ – номер счета клиента в Компании;</p>	<p>Шартының нөмірі мен күні, ал XYZ – клиенттің Компаниядағы шотының нөмірі) Операция жасалған айдың соңғы күнтізбелік күнінде Компания Өкілге ашқан № XXX шотына Клиенттің көрсетілген саудалық емес шотынан Шығару сомасын (Ресей рубліне айырбасталған Шығару сомасын) аударуды;</p>
<p>(e) определить иные условия совершения операций (a)–(d) в соответствии с положениями Брокерского договора.</p>	<p>(e) Брокерлік шарттың ережелеріне сәйкес (a)–(d) операцияларды жасаудың өзге де шарттарын айқындауды тапсырады.</p>
<p>2. Заключительные положения</p>	<p>3. Қорытынды ережелер</p>
<p>3.1. Клиент самостоятельно несет ответственность за обоснованность и последствия исполнения Компанией Специального поручения, в том числе за соответствие условий Специального поручения интересам Клиента и регулированию, применимому к Клиенту и/или к Представителю.</p>	<p>3.1. Клиент Компанияның Арнайы тапсырманы орындауының негізділігі мен салдары үшін, оның ішінде Арнайы тапсырма шарттарының Клиенттің мүдделеріне және Клиентке және/немесе Өкілге қолданылатын реттеуге сәйкестігі үшін өзі жауапты.</p>
<p>3.2. Клиент вправе в любое время и по своему усмотрению отозвать Специальное поручение (прекратить действие Специального поручения) путем расторжения Договора ИК и/или Брокерского договора.</p>	<p>3.2. Клиент ИК шартын және/немесе Брокерлік шартты жою арқылы Арнайы тапсырманы кез келген уақытта және өз қалауы бойынша кері қайтарып алуға (Арнайы тапсырманың қолданылуын тоқтатуға) құқылы.</p>
<p>3.3. Действие Специального поручения прекращается в дату прекращения действия Брокерского договора и/или Договора ИК (или в дату, в которую информация о прекращении Договора ИК стала доступна Компании) в зависимости от того, какая дата наступит ранее.</p>	<p>3.3. Арнайы тапсырманың қолданылуы Брокерлік шарттың және/немесе ИК шартының тоқтатылған күні (немесе ИК шартын тоқтату туралы ақпарат Компанияға қолжетімді болған күні), қайсысы ертерек болса, сол күні тоқтатылады.</p>
<p>3.4. Компания вправе по своему усмотрению вносить в Специальные условия дополнения и/или изменения в одностороннем порядке, предусмотренном в Регламенте.</p>	<p>3.4. Компания Арнайы шарттарға толықтыруларды және/немесе өзгерістерді өз қалауы бойынша Регламентте көзделген біржақты тәртіппен енгізуге құқылы.</p>
<p>3.5. Все иные условия оказания Компанией услуг, которые явным образом не определены в Специальных условиях, определяются положениями Регламента.</p> <p>В случае противоречий между положениями Специальных условий и положениями Регламента (в том числе с учетом внесения в Регламент изменений и дополнений), к отношениям Клиента и Компании применяются положения Специальных условий.</p>	<p>3.5. Компанияның Арнайы шарттарда нақты анықталмаған қызметтерді көрсетуінің барлық өзге шарттары Регламенттің ережелерімен айқындалады.</p> <p>Арнайы шарттардың ережелері мен Регламенттің арасында қайшылықтар болған жағдайда (Регламенттің өзгерістері мен толықтыруларын ескере отырып) Клиент пен Компанияның қатынастарына Арнайы шарттардың ережелері қолданылады.</p>

